

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің  
6D010200 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы  
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған  
Кенесбекова Салтанат Амангельдиқызының  
«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау»  
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына  
ғылыми кеңесшісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,  
бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының профессор-  
зерттеушісі Абильдина Салтанат Куатовнаның  
ПІКІРІ

Қазір жоғары оқу орнында алған кәсіби білім үздіксіз білім беру жүйесіндегі алғашқы баспалдақ іспетті. Білім беру жүйесіндегі модернизация мектеп мұғалімінен мақсаткерлікті, күш-қуатты, бойдағы стереотиптерді жеңуді, кәсіби құзыретті болуды, жоғары интеллектіні, шығармашылықты, жеке бас және кәсіби сапаларын жоғарылатуды, қарқынды дамушы қоғамға жылдам бейімделе алуды, сыни тұрғыдан ойлануға дағдылануды, түрлі сипаттағы ақпараттарды сауатты түрде қабылдай және өзге тұлғаларға сауатты жеткізе алуды талап етеді. Осы орайда докторанттың диссертациялық жұмысы өзекті болып саналады.

Кенесбекова Салтанат Амангельдиқызы академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 6D010200 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқыды. Оқу кезінде докторант жоғарыда аталған білім беру бағдарламасы бойынша оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмысына деген дайындықты қамтитын білім беру бағдарламасын толық меңгерді. Докторант білім беру бағдарламасы бойынша базалық және бейіндік пәндер бойынша кәсіби білім игерді. 15.03.2021-09.04.2021 ж. аралығында онлайн форматта Ресейдің Великий Новгород қаласынан ««ЖОО-ның жобалау қызметіне кіріспе» тақырыбында ғылыми тағылымдамадан өтті.

Диссертацияда зерттеу тақырыбы мен өзектілігі негізделген, зерттеу объектісі, пәні, мақсаты, болжамы, міндеттері, жетекші идеясы анықталған, зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері, зерттеу базасы, зерттеудің негізгі кезеңдері, зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мәнділігі, зерттеудің практикалық мәні ұсынылған, қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар нақтыланған, зерттеу нәтижелерін тәжірибелік-эксперименттен өткізу және енгізу туралы мәліметтер берілген. Қорғауға ұсынылған қағидалар диссертациялық зерттеудің қойылған міндеттеріне сәйкес келеді.

Зерттеу мақсаты педагогикалық шарттарды есепке ала отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау моделін теориялық негіздеу және эксперименттен өткізу деп алынып, осы орайда жоғары оқу орнында болашақ мұғалімдерді өздік білім алуға даярлау мәні нақтыланып, «Өздік білім алу», «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау» ұғымдарының мазмұны нақтыланған. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлаудың педагогикалық шарттарын: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау процесінің

мазмұндық жүйеленуі, студенттердің болашақ мамандығына деген тұрақты қызығушылықтарының артуы, профессор-оқытушылар құрамының болашақ мамандарды өздік білім алуға бағыттайтын кәсіби әрекеттерінің белсендендірілуі, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау процесінің ұйымдастырылуы, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің өздік білім алу маңызын түсінуі деп анықталған. Өзара байланысты тұжырымдамалық-мақсатты блоктан (мақсат, тұғыр, ұстаным); мазмұнды-ұйымдастырушылық блоктан (компонеттер, педагогикалық шарттар, құралдар); бағалау-нәтижелілік блоктан (деңгейлер, нәтиже) тұратын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау моделі жасалды және теориялық тұрғыда негізделген. Сондай-ақ, жоғары оқу орнында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау жай-күйі талданған. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің өздік білім алуға дайындығының бастапқы деңгейі анықталған зерттеу базасы мен зерттеу әдістері мәліметтері ұсынылған. Педагогикалық шарттарды есепке ала отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау моделінің тиімділігін дәлелдейтін тәжірибелік-эскперименттік жұмыс нәтижелері берілген.

Зерттеу жұмысының төмендегідей практикалық мәні бар: академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің және «Болашақ» академиясының «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын білім алушыларына «Өздік білім алу негіздері» элективтік курс бағдарламасы, «Өздік білім алу негіздері» электронды құрал, «Өздік білім алу негіздері» оқу-әдістемелік құрал дайындалды және енгізілді.

Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері талапқа сай ғылыми жұмыстарда жарияланды.

«6D010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қол жеткізген

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің  
6D010200 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы  
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған  
Кенесбекова Салтанат Амангельдикызының  
«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау»  
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына  
ғылыми кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты,  
академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің  
бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының  
қауымдастырылған профессоры  
Мухаметжанова Айгуль Олжабаевнаның  
ШҚІРІ

Педагогикалық тәжірибеде болашақ маман игеруі тиіс ғылыми-педагогикалық ақпараттың көптігі және таралу жылдамдығының жоғары екені байқалады. Ал, болашақ маман өз кезегінде ғылыми ақпараттар легін сараптап, болашақ кәсіби іс-әрекетіне қажет білім қоры мен ғылыми ақпаратты жүйелей алуы тиіс. Өздік білім алу – болашақ маманның кәсіби білім игеруіне, танымдық әрекетін дамытып, алғашқы педагогикалық тәжірибе жинақтауға жағдай жасайтын жол болып отыр.

Кенесбекова Салтанат Амангельдикызының «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс мазмұны диссертация тақырыбына сәйкес келеді және зерттелетін мәселенің мазмұнын баяндайды. Көрсетілген ғылыми және тәжірибелік нәтижелер реттілікке ие. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертациялық жұмыстың тақырыбына сай келеді. Қойылған міндеттерге сәйкес диссертациялық жұмыстың тиісті бөлімдері жазылған. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелер толығымен өзара бір-бірімен тығыз байланысты. Жүргізілген зерттеулер логикалық дәйектілікпен сипатталатын ғылыми жұмыстың толық жүйесін білдіреді.

Диссертант ұсынған жаңа шешімдер бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырғанда сыни көзқараспен ой қорытындылаған. Диссертант теориялық мәліметтерді талдай келе, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлаудың педагогикалық шарттарын анықтап алды. Олардың қатарына: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау процесінің мазмұндық жүйеленуі, студенттердің болашақ мамандығына деген тұрақты қызығушылықтарының артуы, профессор-оқытушылар құрамының болашақ мамандарды өздік білім алуға бағыттайтын кәсіби әрекеттерінің белсендендірілуі, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау процесінің ұйымдастырылуы, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің өздік білім алу маңызын түсінуін жатқызды. Өзара байланысты тұжырымдамалық-мақсатты блоктан (мақсат, тұғыр, ұстаным); мазмұнды-ұйымдастырушылық блоктан (компонеттер, педагогикалық шарттар, құралдар); бағалау-нәтижелілік блоктан (деңгейлер, нәтиже) тұратын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау

моделін жасады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау шарттары мен моделінің тиімділігін сынақтан өткізу үшін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізді. Нәтижелерін диссертация мазмұнында ұсынды.

«Өздік білім алу негіздері» атты элективті курстың оқу-әдістемелік кешені, дәріс жиындығы, түсіндірмелі материалдары даярланды. Өздік білім алу тақырыбы аясында студенттерге ұсынылатын ғылыми зерттеу жұмыстары тақырыптары жүйеледі. Өндірістік (педагогикалық) практика бағдарламасының мазмұнына сай өздік білім алу дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін тапсырмалар реті даярланды. Оқу процесіне «Өздік білім алу негіздері» элективті курс бағдарламасы енгізілді. Негізгі ой тұжырымдалды, жоғары оқу орынының профессор-оқытушылар құрамы мен болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік ұсыныстар өңделді. Эксперимент қортындысы шығарылды.

Кенесбекова Салтанат Амангельдикызының «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының тәжірибелік-эксперименттік бөлімі академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 6В01301 – «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын білім алушыларға және «Болашақ» академиясының 6В01301 – «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын білім алушыларға жүргізілді.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және эксперименттік бөліміндегі нәтижелері жақын шет ел, алыс шет ел және Қазақстанда өткен республикалық, халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарда; «Scopus» ақпараттық базасына енген журналдарда; Қазақстанның және алыс шет елдің өзге журналдарында ұсынылды. 1 оқу-әдістемелік құрал, 1 электронды оқу-әдістемелік құрал шығарылды.

Диссертациялық жұмыс жаңа негізделген нәтижелер жиынтығын қамтиды, ішкі біртұтастыққа ие және қолданыстағы нормативтік талаптарға жауап береді. «6D010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау» тақырыбындағы Кенесбекова Салтанат Амангельдикызының диссертациясын қорғауға ұсынуға болады.

Ғылыми кеңесші

педагогика ғылымдарының кандидаты,  
академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің  
бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі  
кафедрасының қауымдастырылған  
профессоры



А.О. Мухаметжанова